Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ХАБАРШЫСЫ.
ISSN (Print) 2616-7174. ISSN (Online) 2663-2500

ЖУРНАЛИСТИКА ТАРИХЫ / ИСТОРИЯ ЖУРНАЛИСТИКИ / HISTORY OF JOURNALISM

ХҒТАР 19.51.09
Ғылыми мақала

https://doi.org/10.32523/2616-7174-2026-156-3-182-203

«Милли адабият» журналы: II дүниежүзілік соғыс жылдарындағы қазақ эмиграциялық баспасөзінің әдеби-публицистикалық арнасы

Ұ. Сәйдірахман*[1], К.А. Аубакирова[2]

[1,2] «Шәкәрім университеті» КЕАҚ, Білім берудің жоғары мектебі, Семей, Қазақстан

(E-mail: [1]ushkyn86@gmail.com, [2]kz.aubakirova@gmail.com)

Аңдатпа. Мақалада II дүниежүзілік соғыс жылдарында Берлинде жарық көрген «Милли адабият» журналының қазақ эмиграциялық баспасөзі тарихындағы орны қарастырылады. Зерттеудің мақсаты – басылымды кеңестік майдандық газеттерден тыс қалыптасқан әдеби-публицистикалық арна тұрғысынан талдап, оның тақырыптық-идеялық бағытын, жанрлық құрылымын және ұлттық жадты сақтаудағы қызметін айқындау. Зерттеудің ғылыми маңызы «Милли адабиятты» соғыс кезеңіндегі қазақ көсемсөзінің эмиграциялық-легионерлік ортада қалыптасқан ерекше үлгісі деп бағалауымен айқындалады. Тәжірибелік мәні журнал материалдарын қазақ баспасөзі тарихы, эмиграциялық әдебиет және Түркістан баспасөзі мәселелерін зерттеуде дереккөз ретінде пайдалануға мүмкіндік беруімен байланысты. Зерттеу дереккөзі ретінде журналдың қолда бар №1-8 сандары алынды. Мақалада деректанулық, тарихи-контекстік, мазмұндық, жанрлық-құрылымдық және салыстырмалы-тарихи талдау әдістері қолданылды. Зерттеу нәтижесінде «Миллиадабияттың»атауыәдебижурналсипатындаболғанымен,мазмұны жағынан ұлттық-публицистикалық міндет атқарғаны анықталды. Басылымда отан, ел, жер, тарихи жад, түркі бірлігі, рухани мұра және азаттық идеясы көркем шығармалар, публицистикалық материалдар, ән-нота үлгілері, аудармалар және әдеби-танымдық мақалалар арқылы көрініс тапты. Журнал әрі тарихи тұрғыдан қайшылықты жағдайда туған басылым, әрі эмиграциялық ортадағы ұлттық жадты сақтаған маңызды мәдени дереккөз ретінде пайымдалады.

Түйін сөздер: «Милли адабият» журналы, майдандық баспасөз, қазақ көсемсөзі, эмиграциялық баспасөз, Түркістан легионерлері, Түркістан Милли Комитеті, ұлттық жад.

Түсті: 3.07.2026; Мақұлданды: 26.09.2026; Онлайн қолжетімді: 30. 09. 2026

***хат-хабар авторы**

Кіріспе

Мерзімді баспасөз – белгілі бір дәуірдің қоғамдық ойы мен саяси-рухани ахуалын танытатын маңызды тарихи дереккөз. Әсіресе, теледидар мен интернет кең таралмаған, ақпарат алмасудың негізгі жүгін мәтін арқалаған кезеңдерде мерзімді баспасөз қоғамдық пікірді қалыптастырудың, саяси-әлеуметтік ұстанымды жеткізудің және ұлттық сананы ұйыстырудың басты құралдарының бірі болды (Hagen, 1997, pp. 107-108). Соғыс жылдарында бұл қызмет күшейіп, баспасөз жауынгерлік дәстүрді жаңғырту, сарбаздардың моральдық рухын шыңдау және елдік сананы бекіту міндетімен ұштаса түсті (Исқақова, 2015). Осы тұрғыдан II дүниежүзілік соғыс жылдарындағы қазақ басылымдарын зерттеу журналистика тарихын ғана емес, соғыс кезеңіндегі ұлттық рухты, әдеби-публицистикалық ойды және тарихи жадтың қалыптасу ерекшеліктерін тануға жетелейді.

II дүниежүзілік соғыс жылдарындағы қазақ әскери публицистикасы, ең алдымен, майдандық газеттер арқылы көрінді. Қ. Бекхожин соғыс шебінде қазақша 15 майдандық газет жарық көргенін атайды (Бекхожин, 1981, p. 214). Т. Көлбаев бұл деректі нақтылай түседі. Оның пайымынша, Ұлы Отан соғысы жылдарында қазақ тілінде 10 майдандық, 3 дивизиялық, 1 округтік газет шыққан. Олар: «Отан үшін», «Отан үшін ұрысқа», «Қызыл әскер ақиқаты», «Жауға қарсы аттан», «Отан намысы үшін», «Отан күзетінде», «Дабыл», «Сталин үшін алға» т.б. (Көлбаев, 2012). Бұл басылымдар жедел хабар, үндеу, серт, памфлет, хат, очерк, мақала, өлең сияқты жанрлар арқылы ақпараттық қызметпен қатар үгіт-насихаттық, рухани-идеялық міндет атқарды. А. М. Панченко келтірген деректе майдандық баспасөздің азық-түлік, қару-жарақ және оқ-дәрімен бірдей қажеттілікке бағаланғаны айтылады (Панченко, 2025, p. 107).

Алайда II дүниежүзілік соғыс жылдарындағы қазақ баспасөзін тек кеңестік жүйедегі әскери-саяси газеттермен шектеу бұл кезеңнің толық мағынасын ашпайды. Оның ұзақ уақыт зерттеу назарынан тыс қалған бір қабаты соғыс тұтқындары мен «Түркістан легионы» ортасында, кеңес аумағынан тыс эмиграциялық-саяси жағдайда қалыптасты. Осы арнадағы негізгі басылымдардың бірі – Германияда жарық көрген «Милли адабият» журналы.

«Милли адабияттың» «Түркістан легионымен», «Түркістан Милли Комитетімен» байланысты ортада жарық көруі және кеңестік ресми дискурстан бөлек идеялық бағыт ұстануы оның кейінгі зерттелу тағдырына тікелей ықпал етті. Кеңестік кезеңде мұндай басылымдардың ғылыми айналымға ену мүмкіндігі жоққа тән болды. Соның салдарынан журнал қазақ баспасөзі тарихында ұзақ уақыт арнайы зерттеу нысанына айнала қойған жоқ.

Атауы әдеби журнал секілденгенімен, «Милли адабияттың» мазмұны тек көркем шығармалардан ғана тұрмайды. Оның беттерінен отан, ел мен жер, ұлттық намыс, түркі бірлігі, тарихи тұлғалар және рухани мұра мәселелерін қозғайтын өлеңдермен бірге публицистикалық материалдар мен әдеби-танымдық мақалаларды кездестіруге болады. Бұл материалдарды өзара байланыстыра қарастырғанда, журналдың әдеби мәтінді эстетикалық мақсатпен ғана емес, алыстағы отанды еске түсіру, тарихи жадты сақтау және түркістандық ортаға ортақ рухани бағдар ұсыну үшін де пайдаланғаны байқалады. Кеңестік билікке қарсы саяси ұстаным да осы мазмұнның құрамында көрінеді.

Басылымның тағы бір сипаты – әдеби және тарихи мұраны жекелеген ұлттық республикалардың шеңберімен шектемей, тұтас Түркістан кеңістігіне ортақ қарастыруы.

ISSN: 2616-7174. eISSN: 2663-2500

Осы ерекшелікті ескере отырып, мақалада «Милли адабият» екі өзара сабақтас қырынан зерттеледі: бір жағынан, ол Түркістан эмиграциялық баспасөзінің бір бөлігі болса, екінші жағынан, қазақ эмиграциялық журналистикасының әдеби-публицистикалық арнасымен тікелей ұштасады.

Зерттеу нысаны – «Милли адабият» журналы. Ал зерттеу пәніне оның тақырыптық және идеялық бағыты, әдеби-публицистикалық сипаты, сондай-ақ соғыс жылдарындағы эмиграциялық және легионерлік ортада атқарған рухани қызметі кіреді.

Мақаланың мақсаты – «Милли адабияттың» Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы қазақ эмиграциялық баспасөзі тарихындағы орнын айқындау. Бұл үшін журнал материалдарының негізгі тақырыптары мен идеялық желісі сараланып, әдеби және публицистикалық мәтіндердің өзара байланысы қарастырылады. Отан, тарихи жад, түркі бірлігі мен ұлттық рух ұғымдарының әр жанрда қалай көрінетініне назар аударылады. Сонымен қатар басылымның легионерлер ортасындағы рухани қызметі мен соғыс жағдайында қалыптасқан саяси мазмұны өзара сабақтастықта талданады.

Зерттеу барысында деректанулық, тарихи-контекстік, мазмұндық, жанрлық-құрылымдық және салыстырмалы-тарихи тәсілдер қолданылды. Деректанулық талдау журналдың шығу ортасын, ұйымдық сипатын және оның бетінде шығармалары жарияланған авторлар құрамын анықтауға қажет болды. Мазмұндық талдауда қайталанып отыратын тақырыптар, негізгі ұғымдар мен идеялық желілер назарға алынды. Ал салыстырмалы-тарихи тәсіл «Милли адабияттың» қазақ тіліндегі кеңестік майдандық басылымдардан айырмасын нақты материалдар негізінде көрсету үшін пайдаланылды.

Мақаланың ғылыми жаңалығы да осы салыстырудан туындайды. «Милли адабият» мұнда соғыс кезеңіндегі қазақ публицистикалық ойының кеңестік майдан баспасөзінен тыс қалыптасқан эмиграциялық арнасы тұрғысынан қарастырылады. Мұндай қырынан зерттеу соғыс жылдарындағы қазақ баспасөзін тек кеңестік ақпараттық кеңістікпен байланыстыратын қалыптасқан түсінікті кеңейтуге негіз ұсынады. Сонымен бірге ұлттық публицистикалық ойдың саяси шекарадан тыс ортада қандай мазмұнмен жалғасқанын байқауға болады.

Осы мәселенің ғылыми аясын анықтау үшін алдымен Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы қазақ майдандық баспасөзіне және шетелдегі қазақ басылымдарына арналған зерттеулер қарастырылды.

Қазақ тіліндегі майдандық газеттер жөніндегі алғашқы жүйелі тұжырымдардың бірі Қ. Бекхожин еңбектерінде берілген. Зерттеуші «Қазақ тіліндегі майдандық газеттер» бөлімінде 1942 жылдың қарашасынан бастап шыққан басылымдарға қысқаша шолу жасап, олардың майдандағы ақпараттық және публицистикалық қызметіне тоқталады. Әсіресе, жауынгерлік рухты көтеру, ерлікті насихаттау және әскери очерк жанрының қалыптасуына ықпал ету мәселелерін көрсетеді (Бекхожин, 1981, pp. 214-216). Қазақ майдандық баспасөзінің соғыс жағдайындағы ұйымдастырушылық, үгіттік және мазмұндық қызметі С. Қозыбаев зерттеуінде де арнайы қарастырылған (Козыбаев, 2010).

Соғыс кезеңіндегі баспасөз қазақ журналистикасының жалпы тарихына арналған еңбектерден де тыс қалмаған. Ж. Нұсқабайұлы бастаған авторлар ұжымының оқулығында соғыс жылдарындағы қазақ мерзімді баспасөзінің қызметіне жеке орын берілген (Нұсқабайұлы, Аллаберген және Оразаев, 2018, pp. 290-298). Кеңестік

журналистика тарихы аясында бұл мәселе И. В. Кузнецов еңбегінде сөз болса (Кузнецов, 2012), әскери баспасөздің кейінгі даму бағыты А. В. Рожковтың диссертациялық зерттеуінде қарастырылады (Рожков, 1998).

Бұл еңбектер майдан газеттерінің жауынгерлерді жұмылдырудағы, ерліктерін насихаттаудағы және майдан мен тыл арасындағы ақпараттық байланысты нығайтудағы қызметін тануға мүмкіндік береді. Дегенмен олардың негізгі нысаны кеңестік әскери-саяси жүйе аясында шыққан басылымдар болды. Кеңес аумағынан тыс жерде, соғыс тұтқындары мен Түркістан легионы ортасында жарияланған мерзімді баспасөз бұл зерттеу желісіне мүлде енбеген. «Милли адабияттың» қазақ журналистикасы тарихында жүйелі түрде аз қарастырылуы да осыдан көрінеді.

Сонымен бірге журналға қатысты ғылыми пікірлер мүлде жоқ деуге болмайды. Бірқатар зерттеулерде «Милли адабият» шетелдегі қазақ баспасөзі аясында аталып, оның ұлттық журналистика тарихындағы орны мен тарихи жадты сақтаудағы қызметі сөз болған (Сәйдірахманұлы, 2016a, 2016b; Сәйдірахман, 2017; Сәйдірахман, 2025). Бұл еңбектер журналды қазақ баспасөзінің шетелде қалыптасқан бір тармағы деп қарастыруға негіз береді. Алайда оның мазмұндық құрылымы, жанрлық құрамы және легионерлік ортадағы идеялық қызметі жеке зерттеу нысаны ретінде әлі де терең талдауды қажетсінеді.

Шетелдік зерттеулерде де «Милли адабият» Түркістан эмиграциялық баспасөзінің құрамында аталады. Н. Садыковтың «Milli Turkistan Journal's Ideological Approach» атты мақаласының негізгі нысаны – «Милли Түркістан» журналы. Соған қарамастан автор Германияда жарық көрген түркістандық басылымдарды сөз еткен тұста «Милли адабиятқа» да тоқталады. Зерттеуші оның ай сайын шыққан әдеби басылым болғанын айтып, тұтқын жауынгерлердің ұлттық санасын сақтауда және эмиграциялық әдеби ортаның қалыптасуында атқарған қызметіне назар аударады (Sadykov, 2016, p. 86). Бұл пікір «Милли адабиятты» жеке әдеби шығармалар жинағы деп қана емес, Түркістан легионы мен эмиграциялық ортада қалыптасқан баспасөз жүйесінің бір бөлігі ретінде қарастыру қажеттігін күшейте түседі.

«Милли адабият» туралы деректер «Түркістан легионы» мен «Милли Түркістан» басылымына арналған зерттеулерде де ұшырасады. Мәселен, Баймырза Хайттың туғанына 100 жыл толуына арналған халықаралық симпозиум материалдары жинағында жарияланған С. Смағұлованың «Türkistan Lejyonu ve Milli Türkistan Dergisi» атты мақаласында негізгі назар «Милли Түркістан» журналына аударылғанымен, «Милли адабияттың» айына бір рет әдеби-көркем сипатта шыққаны, онда Абай, Мағжан, Махамбет, Шоқан, Ахмет Байтұрсынұлы, Сәкен Сейфуллин мұрасына қатысты материалдар, Мәжит Айтбаевтың «Қобызшы Қорқыт» бүркеншік есімімен жарияланған өлең-жырлары және легионерлердің туған елге сағынышын бейнелейтін шығармалары басылғаны айтылады (Smagulova, 2017).

Қолда бар зерттеулер «Милли адабияттың» жекелеген тақырыптарын, авторлық ортасын, тарихи жағдайын және әдеби сипатын белгілі бір деңгейде танытады. Дегенмен журналдың II дүниежүзілік соғыс жылдарындағы эмиграциялық басылым ретіндегі табиғаты, тұтқындар ортасындағы ұлттық ойды ұйымдастыру қызметі, әдеби мәтін мен публицистикалық үндеудің тоғысуы әлі де толық жүйеленген жоқ. Осы олқылық «Милли адабиятты» ұлттық баспасөз тарихындағы соғыс кезеңінің кеңес аумағынан тыс қалыптасқан ерекше арна деп қарастырудың ғылыми өзектілігін айқындайды.

Әдіснама

Зерттеудің дереккөз негізін «Милли адабият» журналының қазіргі таңда қолда бар №1-8 сандары құрайды. Олар 1943-1944 жылдары жарық көрген. Талдауға журналдағы өлеңдер мен басқа да көркем туындылар, публицистикалық мақалалар, тарихи тұлғалар мен әдеби-рухани мұраға арналған материалдар алынды. Зерттеу осы сақталған сандармен шектелетіндіктен, мұнда журналдың толық библиографиялық тарихын қалпына келтіру міндеті қойылмайды. Негізгі назар қолда бар материалдардың тақырыптық, идеялық және жанрлық сипатына аударылды.

Мақалада өзара байланысты бірнеше мәселе қарастырылады. Ең алдымен, журнал мазмұнында қай тақырыптар мен идеялардың тұрақты көрінетіні анықталады. Бұдан кейін әдеби және публицистикалық мәтіндердің легионерлер ортасында ұлттық жадты сақтауға, туған ел туралы түсінікті жаңғыртуға және рухани тұтастықты бекітуге қалай қызмет еткені талданады. Сонымен бірге «Милли адабияттың» шетелдегі Түркістан баспасөзімен, соның ішінде «Яш Түркістан» қалыптастырған идеялық дәстүрмен сабақтастығы қарастырылып, оның кеңестік майдандық басылымдардан айырмасы салыстыру арқылы айқындалады.

Осы мәселелерді талдау барысында журналдың әр саны алдымен жеке дереккөз ретінде қаралды. Титулдық мәліметтер, мазмұн көрсеткіштері және жарияланған материалдардың құрамы өзара салыстырылып, басылымның жалпы құрылымы жүйеленді. Бұдан соң мәтіндерде қайталанып отыратын тақырыптар мен ұғымдар белгіленді. Отан, ел мен жер, азаттық, тарихи жад, ұлттық намыс, түркі бірлігі, әдеби мұра, күрес және тұтқын тағдыры сол материалдардың өзінен байқалған негізгі мағыналық бағыттар ретінде алынды. Жанрлық саралау осы тақырыптық талдаумен қатар жүргізілді: өлең мен өзге көркем шығармалардың, публицистикалық мақалалардың, әдеби-танымдық және тарихи жазбалардың бір идеяны әртүрлі жолмен жеткізу ерекшелігіне назар аударылды.

Мұндай жұмыс тәсілі журналды тек жеке мәтіндер жинағы емес, белгілі бір редакциялық ұстанымы бар басылым ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Мәселен, туған жер тақырыбының поэзияда сезім мен сағыныш арқылы берілуі публицистикалық мәтіндегі саяси ұғымдармен бірдей емес. Сол сияқты тарихи тұлғаларға арналған жазбалардың қызметі әдеби шығармалардың міндетімен толық сәйкес келе бермейді. Сондықтан материалдар жанрына қарай ажыратылып, кейін олардың ортақ идеялық желіге қалай тоғысатыны салыстырылды.

Деректанулық талдауда журналдың шыққан жылы мен орны, шығарушы ұйымы, редакциялық белгілері, титулдық мәліметтері және жарияланымдар құрамы назарға алынды. Бұл деректер басылымның кімге арналғанын, қандай институционалдық ортада шыққанын және редакциялық бағдарын анықтауға қажет болды. Титул беттері мен мазмұн көрсеткіштері осы себепті техникалық мәлімет қана емес, журналдың ұйымдық сипатын танытатын бастапқы дерек ретінде қарастырылды.

Журнал материалдарының мағынасын олардың жарық көрген ортасынан бөліп талдау мүмкін емес. Сондықтан тарихи-контекстік талдау «Милли адабияттың» Екінші дүниежүзілік соғыс жағдайында, «Түркістан легионы» мен соғыс тұтқындары ортасында және «Түркістан Милли Комитетіне» байланысты саяси кеңістікте шығуын ескеруге негізделді. Бұл тұста екі жағдай, атап айтқанда, журналдағы ұлттық әдеби мұра мен Түркістанның тарихи жадын жаңғыртуға бағытталған мазмұн және басылымның

нацистік Германия үстемдік еткен саяси-институционалдық ортада жарық көруі қатар назарда ұсталды. Басылым табиғатындағы осы қайшылық оның материалдарын бағалауда негізгі тарихи өлшемдердің бірі болды.

Мазмұндық талдауда жеке сөздердің кездесу жиілігін анықтаудан гөрі олардың мәтіндегі мағыналық қызметіне басымдық берілді. Мысалы, «отан», «жер», «азаттық», «Түркістан», «бірлік» тәрізді ұғымдардың өлеңде, публицистикалық мақалада немесе тарихи материалда қандай мағынада қолданылғаны өзара салыстырылды. Осы арқылы бір тақырыптың әр жанрда қалай өзгеретіні және журналдың жалпы идеялық желісіне қалай қосылатыны қарастырылды.

Салыстырмалы талдаудың екі бағыты бар. Біріншісінде «Милли адабияттың» шетелдегі Түркістан баспасөзімен, әсіресе, «Яш Түркістандағы» ұлттық тәуелсіздік, тарихи жад және Түркістан тұтастығы идеяларымен сабақтастығы зерделенеді. Екіншісінде журнал қазақ тіліндегі кеңестік майдандық басылымдармен салыстырылады. Мұнда басылымдардың соғыс жағдайында атқарған қызметі, «Отан» ұғымына берген мазмұны, жауынгерге бағытталған үндеулері және тарихи жадқа қатынасы негізгі салыстыру өлшемдері ретінде алынды.

Осы талдау «Милли адабияттың» соғыс жылдарындағы күрделі саяси жағдайда жарық көре отырып, әдеби мұра, тарихи жад және Түркістан тұтастығы мәселелерін бір идеялық арнаға тоғыстырғанын анықтауға бағытталған. Сондықтан мақалада бұл ой алдын ала кесіп айтылған тұжырым ретінде емес, журналдың №1-8 сандарындағы нақты материалдарды тақырыптық арна, жанрлық сипат және тарихи мазмұн бойынша салыстыра қарастыру нәтижесінде дәлелденеді.

Жанрлық-құрылымдық талдау журналдағы өлең, дастан, пьеса, романнан үзінді, новелла, баллада, мақала т.б. үлгілерінің қызметін жүйелеуге арналды. Бұл жанрлар журнал идеясын орнықтыруға бағытталған редакциялық жүйенің құрамдас бөлігі ретінде қарастырылды. Материалдардың публицистикалық сипатын анықтауда журналистика жанрлары теориясы негізге алынды. Сол арқылы жазбаның атауынан бастап, мәтіннің коммуникативтік мақсаты, деректік уәжі, баяндау сипаты, авторлық пайымдау деңгейі, композициялық құрылымы және көркемдік тәсілдері тұтас ескерілді.

Салыстырмалы-тарихи әдіс «Милли адабияттың» шетелдегі Түркістан баспасөзі жүйесіндегі орнын айқындау үшін пайдаланылды. Басылымның идеялық бағыты «Яш Түркістан» дәстүрімен сабақтастықта қарастырылды. Бұл салыстыру «Яш Түркістан» Түркістан тәуелсіздігі идеясын саяси-публицистикалық тілде жүйелесе, «Милли адабият» сол идеяны соғыс жағдайында әдеби-мәдени формада жалғастырғанын көрсетуге ықпал етті. Ал кеңестік майдандық баспасөз «Милли адабияттың» тарихи-публицистикалық табиғатын және әскери кезең баспасөзіне тән ортақ жанрлық белгілерін айқындауға қажет салыстырмалы контекст қызметін атқарды.

Нәтижелер мен талқылау

Зерттеу нәтижелері «Милли адабият» журналының әдеби-мәдени сипатымен бірге ұлттық-публицистикалық және рухани ұйыстырушы қызмет атқарғанын көрсетеді. Басылымның бұл бағыты алғашқы санында жарияланған «Милли адабият» бағдарламалық мақаласында анық байқалады. «Түркістан Милли Комитетінің» президенті әрі журналдың бас редакторы Вели Қаюм-хан басылым мақсатын Түркістан жастарына «жаңа жол көрсету», «милли тәрбие беру» және жазушы-шайырларды бір ортаға топтастыру міндетімен байланыстырады. Автор: «Бұл үшін біз «Милли адабият»

ISSN: 2616-7174. eISSN: 2663-2500

деген бір журнал шығарып, бүтін Түркістан жастарын, жазушыларын, шайырларын бір мәррәгә-ноқтаға топтастыруды қалаймыз», – деп жазады (Қаюм-Хан, 1943, p. 9). Бұл тұжырым журналдың әдебиетті эстетикалық өнер ғана емес, ұлттық рухты бекітетін, тарихи сананы оятатын және түркістандық оқырманды ортақ саяси-рухани мұратқа жұмылдыратын күш деп бағалағанын көрсетеді.

Журналдың тарихи-институционалдық сипаты ұйымдық деректерінен де байқалады (1-суретке қараңыз). Басылымның титул беттеріндегі мәліметке қарағанда, «Милли адабият» «Түркістан Милли Комитеті» тарапынан шығарылған әдеби мәжмуа болды. Журналдың шығарушысы әрі бас редакторы – Вели Қаюм-хан, редакторы – Қ. Қорқыт, яғни Мәжит Айтбаев. Айына бір мәрте шығуы жоспарланған басылым Берлинде жарық көрді. Бұл деректер журналдың жеке әдеби бастама емес, соғыс жылдарындағы Түркістан эмиграциясы, легионерлер ортасы және саяси ұйымдық құрылымдар түйіскен кеңістікте дүниеге келген институционалдық баспасөз жобасы екенін нақтылайды.

1-сурет. «Милли адабият» журналының ішкі титул беті мен мұқабасы



Журналдың идеялық ұстыны №1 санда жарияланған «Түркістан милли жазушылар бірлігінің программа уә устав жоба-лайһасында» кеңірек ашылады («Түркістан милли жазушылар бірлігінің…», 1943). Бұл құжат «Милли адабиятты» эмиграция жағдайында ұлттық әдебиетті қайта ұйымдастыруды көздеген саяси-мәдени жоба болғанын бекіте түседі.

Бағдарлама Түркістанның бұрынғы тәуелсіз, мәдениеті дамыған, ғылым мен әдебиет өкілдерін тудырған тарихи кеңістік болғанын еске алудан басталады. «Түркістан бір уақыттар ең құдіретті, бай, мәдени және сонымен бірге мұстақыл ел болып жасағандур. Бұ өлкеде өтіміште бүюк ғалымдар, астрономдар, пән-әдебиет, көркемөнер ұстаздарын жеткізген», – деп жазылды бірінші тармағында («Түркістан милли жазушылар бірлігінің…», 1943, p. 59). Бұл шегініс өткенді жадағай мадақтауға емес, отарлық биліктен кейін әлсіреген мемлекеттік, мәдени және рухани тұтастықты қайта елестетуге қызмет етеді. Б. Андерсонның ұлтты «елестетілген саяси қауымдастық» деп сипаттайтыны белгілі (Anderson, 2006, p. 6). Осы тұрғыдан алғанда, бағдарламадағы Түркістанның даңқты өткені туралы баяндау шашыраған эмиграциялық ортаға ортақ тарихи кеңістік пен ортақ тағдыр сезімін ұсынуға бағытталған. М. Хальбвакс ұжымдық

жадтың белгілі бір кеңістікпен байланысын атап көрсетсе (Хальбвакс, 2007, pp. 9-11), Я. Ассман мәдени жадтың өткенді сақтау арқылы қауымдық бірегейлік пен тұтастықты бекітетінін тұжырымдайды (Assmann and Czaplicka, 1995, pp. 125-126). Демек, «Милли адабияттағы» өткенді еске алу жоғалған мемлекеттілікті жоқтаумен ғана байланысты болған жоқ. Тарихи жад сондай-ақ журналдың саяси күрес негізін түсіндіретін құралға айналды. Бағдарламалық құжаттағы «орыстар Түркістанды басып алғаннан соң, анықша большевиктер мемлекет басына келгеш, еліміз өз барлығын жоғалтты» деген тұжырым («Түркістан милли жазушылар бірлігінің…», 1943, p. 59) осы көзқарастың өзегін аңғартады. Мұнда патшалық отарлау мен кеңестік билік бір тарихи үдерістің жалғасы деп бағаланып, Түркістанның бұрынғы саяси және рухани тұтастығын қалпына келтіру қажеттігі өзекжарды міндет ретінде түсіндіріледі.

Бұл ұстаным «Түркістан милли жазушылар бірлігінің» мақсаты көрсетілген тұста одан әрі нақтыланады. «Түркістан милли жазушылар бірлігінің» түп мақсаты: Түркістанның бүтіндігі, мұстақыл, ерікті жасауы үшін күрес және түркістандықтардың рухын осы негізде қайта құру», – деп көрсетіледі («Түркістан милли жазушылар бірлігінің…», 1943, p. 60). «Бірліктің» «Түркістан Милли Комитетінің» басшылығымен жұмыс істеп, оның міндеттерін көркем әдебиет арқылы насихаттайтыны да ашық жазылған («Түркістан милли жазушылар бірлігінің…», 1943, p. 60). Осы дерек журналдағы әдеби материалдарды жеке шығармашылық тәжірибе шеңберінде ғана қарастырудың жеткіліксіз екенін көрсетеді. Басылымдағы өлең, драма, мақала және тарихи-танымдық жазбалар ортақ саяси-мәдени бағдар аясында іріктелген.

Бағдарламаның «Асаси уәзифалар» бөлімі бұл байланысты нақты мазмұнмен толықтырады. Онда Түркістанның өткенін таныту, азаттық жолында құрбан болған тұлғалардың көркем бейнесін жасау, Науаи, Мәшраб, Беділ, Абай, Мақтұмқұлы секілді ақын-жазушылардың өмірі мен шығармаларын зерттеп, жариялау міндеттері қойылған («Түркістан милли жазушылар бірлігінің…», 1943, pp. 60-61). Мұндай міндеттердің арнайы көрсетілуі журналдағы авторлар мен шығармалардың кездейсоқ таңдалмағанын аңғартады. Әдеби мұра тарихи жадпен, ал тарихи жад Түркістанның тұтастығы мен еркіндігі туралы идеямен сабақтастырылған. Сондықтан «Милли адабияттағы» көне мұра, классикалық әдебиет және жаңа шығармалар бір-бірінен бөлек қабаттар күйінде емес, ортақ тарихи-рухани желінің бөліктері ретінде ұсынылады.

Журналдың бағдарламалық құжаттан көрінетін осы идеялық желісін 1-сызбадағыдай жүйелеп көрсетуге болады:

1-сызба. «Түркістан милли жазушылар бірлігі» бағдарламасындағы «Милли адабият» журналының ұйымдық-идеялық негізі



«Милли адабияттың» мазмұнындағы бір ерекшелік – көркем шығармалар мен публицистикалық материалдардың қатар берілуі. Журналда әдеби өрнектерден өлең, баллада, дастан, поэма, пьеса мен әңгімеден бастап жұмбақ, өтірік өлең, романнан үзіндіге дейін әртүрлі туындылар жарияланған. Бұлармен бірге көсемсөз үлгісіне тән мақалалар және тарихи тұлғаларға арналған жазбалар да тұрақты орын алып отырды. Журналдағы «Милли адабият», «Абайдың әдеби реформасы», «Алтайдан Еділге, Сібірден Хорасанға», «Мақтұмқұлының насихаттары», «Әдебиет жөнінде түсінік», «Навои уә біз», «Абылай», «Манас» сияқты материалдар шоғыры осы көсемсөз жанрының көрнекті мысалдары.

Жанрлық сипатына қарағанда, бұл материалдардың бәрін бір үлгіге жатқызуға болмайды. Бірі журналдың ұстанымы мен қоғамдық мұратын ашуға арналса, енді бірі әдеби жәдігердің мәнін түсіндіруді көздеді. Мәселен, «Милли адабият» пен «Алтайдан Еділге, Сібірден Хорасанға» басылымның идеялық бағытын айқындап, оқырманға ортақ мақсат ұсынатын бағдарламалық-публицистикалық мақалаға жақын. Ал «Абайдың әдеби реформасы», «Мақтұмқұлының насихаттары», «Әдебиет жөнінде түсінік», «Навои уә біз» және «Манас» сияқты жазбаларда әдеби мұраны талдау, түсіндіру, бағалау жағы басым.

«Абылай» материалының табиғаты бұлардан сәл өзгешелеу. Онда тарихи тұлғаның өмірі, мінезі мен ел жадындағы бейнесі оқиғалы дерек, аңыз сарыны және авторлық пайым арқылы тұтаса өріледі. Сондықтан бұл мәтін портреттік очерк сипатын иеленеді. Ал «Mehрибан ана» нақты ішкі тебіреністен туындаған авторлық толғаныс пен сезімдік бояуға бай болуымен эссе жанрына жақындайды.

Мұндай жанрлық тоғысу публицистика табиғатына бөтен емес. Б. Жақып публицистиканы көркем әдебиетпен сабақтастыра қарастырып, сөз өнерімен қатар дамып келе жатқан шығармашылықтың бір тармағы ретінде түсіндіреді. «Публицистика да сөз өнерінің үлкен бір саласы. Ол көркем әдебиетпен бірге туып, қалыптасып, өсіп, өркендеп келе жатқан шығармашылықтың ерекше бір тармағы», – деп тұжырымдайды ғалым (Жақып, 2007, p. 3).

Осы тұрғыдан алғанда, журналдағы публицистикалық материалдар әдеби мұраны таныстырумен ғана шектелмейді. Олар тарихи тұлғалар мен көркем шығармаларды өз дәуірінің ұлттық мұратымен, қоғамдық ойымен және саяси мақсатымен байланыстыра тәпсірлейді. Сондықтан «Милли адабият» әдеби басылым болғанымен, оның мазмұнында көсемсөзге тән сипат айқын байқалады. Себебі мұнда талдау мен бағалау, тарихи жадты жаңғырту мен оқырманға бағыт-бағдар ұсыну қос өрімдей жымдаса тұтасқан.

Мұндай кең ауқым тек жанрлық әркелкілікке ғана қатысты емес. Әрбір нөмірдегі материалдар табиғатына үңілгенде, онда көркем шығарма, әдеби мұра туралы сын-зерттеу және тарихи тұлғаға арналған танымдық материалдар қатар көрінеді. Бұдан редакцияның әдебиетті тек шығармашылық мұра деп қарамайтын айрықша ұстанымы аңғарылады.

«Милли адабият» бетіндегі әдеби туындылар туған ел мен өткен тарихты еске түсірсе, публицистикалық мақалалар сол мұраны түсіндіруге қызмет етті. Ал тарихи жазбалардан редакцияның ортақ жадты бекіту міндеті сезіледі. Осы мазмұндық, жанрлық кеңдік оқырманды идеялық тұрғыдан ұйыстыруға бағытталған редакциялық жүйе аясында ұйымдастырылғанын аңдатады. Журналдың жанрлық өрісін №2 санда берілген әдеби жоспар да нақтылай түседі. Онда Абай өлеңдері, Фитраттың «Үнді ихтилалшылары»

пьесасы, «Манас» дастанының бір бөлігі, «Түркістан» атты өлеңдер топтамасы, Асан қайғының «Қара мысық» романы, Қ. Қорқыттың Абай поэзиясы туралы ғылыми еңбегі, «Киік зары» дастаны, балладалар, Раушанның «Балықшы қызы» драмасы, «Ақмешіт» киносценарийі, «Құрбан» романы және әңгімелері аталады («Алтайден Еділге, Сібірден Хорасанға», 1943, p. 6). Бұл деректер басылымның поэзиямен ғана шектелмей, мақала, ғылыми-танымдық еңбек, дастан, пьеса, роман, драма, киносценарий, баллада тәрізді әртүрлі жанр үлгілерін қамтығанын көрсетеді. Жоспарда аталған шығармалардың біразы кейінгі нөмірлерде жарияланып, журналдың жанрлық өрісін кеңейте түсті.

Шығармалардың жанрлық-мазмұндық әралуандығы және басылымдағы жариялану реті «Милли адабияттың» әдеби мұраны кездейсоқ емес, белгілі бір канондық жүйемен ұсынғанын байқатады. «Милли адабият» жетекшілікке алған әдеби канонды шартты түрде бірнеше қабатқа бөліп қарастыруға болады (2-сызба).

2-сызба. «Милли адабияттағы» негізгі әдеби канон қабаттары



2-сызбада көрсетілгендей, бірінші қабатты көне түркі және ислам-түркілік жазба дәстүрі құрайды. Бұл қатарда Жүсіп Баласағұнның «Құтты білігі», Қожа Ахмет Яссауи мұрасы, Әлішер Науаи шығармашылығы Түркістан халықтарының тамыры терең жазба мәдениетін паш ететін рухани темірқазық ретінде алынды. Әсіресе, Науаи мұрасының арнайы сөз болуы журналдың түркі халықтарына ортақ классикалық әдеби негізді алға шығарғанын аңғартады.

Екінші қабат батырлық, ғашықтық және халықтық эпосқа қатысты. «Қобыланды батыр», «Ер Тарғын», «Алпамыс», «Қыз Жібек», «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Манас» сияқты мұралар халық жадын сақтаған көркем өзек өрнегінде ұсынылды. Журналда «Халық ауыз әдебиеті» деген арнайы айдардың болуы осы қабаттың басылым саясатында орнықты орын алғанын дәлелдейді.

Үшінші қабатқа XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы ағартушылық, жәдитшіл және ұлтшыл әдебиет жатады. Журнал бетінде Абай, Махамбет, Ахмет Байтұрсынұлы, Мағжан,

Сұлтанмахмұт, Фитрат, Шолпан, Жүсіпбек Аймауытұлы секілді қаламгерлердің қатар берілуі редакцияның осы кезең әдебиетіне кеңірек түркістандық өлшеммен қарағанын аңдатады.

Редакцияның материал ұсынудағы мұндай сұрыптау мәніне зер салғанда, әр жеке тұлға яки әдеби мұраға белгілі бір тарихи кезеңнің оқшау туындысы деген көзқарасқа керағар ұстанымды аңдауға болады. Яғни редакция материал жүйелеуде мәтінге оқшау көзқараспен үңілмей, олардың арасындағы сабақтастықты алға шығаруға ден қойған. Көне түркі мұрасынан халық эпосына, одан XIX-XX ғасырлардағы ағартушылық пен жәдитшіл әдебиетке дейінгі шығармаларды бір журнал кеңістігінде ортақ желіге байлап, тоғыстыра білген. Оған эмиграция жағдайында туған жаңа туындылардың қосылуы әдеби дәстүрді өткеннің мұрасы күйінде қалдырмай, жалғасып жатқан рухани арна маңызында танытты. Осы сипат «Милли адабият» журналына қатысты басылым Түркістан халықтарының әдебиетін өзара сабақтас ортақ мұра тұрғысынан жүйелеуге ұмтылды деген тұжырымға жетелейді.

Ал бұл каноннның басты ерекшелігі – «ұлттық әдебиет» ұғымының тар этникалық шеңберде емес, кең түркістандық кеңістікте қолданылуы. Қазақ әдеби мұрасы да осы стратегия аясында ортақ Түркістан әдеби кеңістігіне енгізіледі.

Журналдың аталмыш тұтас Түркістан (біртұтас халық) ұстанымы №2 сандағы «Алтайдан Еділге, Сібірден Хорасанға» бас мақаласында тереңірек айқындалады («Алтайден Еділге, Сібірден Хорасанға», 1943). Жазбада Алтайдан Еділге, Сібірден Хорасанға дейінгі ұланғайыр атырапты қоныс қылған түркі халқы туралы айтылып, бұл кеңістік Науаидан Абайға, Тоқтағұлдан Мақтұмқұлыға дейін жалғасқан ортақ әдеби дәстүрмен сипатталады. Мақаланың қорытынды бөлігінде бұл ұстын былай түйінделеді: «Мейлі, бұл күнде отаннан алыста жүріп, жырлаған жарымыз шығыстан ескен желменен Түркістанға жетсін! Түркістандағы туған-туысқандарымыз біздің бұ күнгі ел-жұрт жөніндегі патриоттық, ерлік, еркін жырларымызды естіп қуансын. Елден қаны жат, тілі жат, діні жаттарды қолына құрал алып, қуып шығаруға әзір тұрсын. Мейлі, біздің еркін милли лирамыз Алтайдан Еділге, Сібірден Хорасанға жетсін!» («Алтайден Еділге, Сібірден Хорасанға», 1943, pp. 7-8). Осы геомәдени таным журналдағы «Түркістан» ұғымының әкімшілік-аумақтық атаудан әлдеқайда кең екенін әйгілейді. Басылым үшін Түркістан – тарихи жад, ортақ әдеби мұра, тілдік жақындық және отарлық тағдыр арқылы байланысқан біртұтас рухани-саяси кеңістік.


Қазақ әдеби мұрасының журналда берілуі осы тұтас Түркістан стратегиясымен етене байланысты. Абай, Махамбет, Ахмет, Мағжан шығармалары мен «Елім-ай» секілді халық ауыз әдебиетінің өрнектері қазақ әдебиетінің өзіндік болмысын таныта отырып, тұтас Түркістан әдеби кеңістігіне енгізіледі. Осы арқылы қазақ әдебиеті журналда оқшау ұлттық жәдігер емес, Түркістан халықтарына ортақ әдеби-рухани сабақтастықтың құрамдас бөлігі сипатымен танылады.

Бұл ұстаным сондай-ақ журналдағы Абай өлеңдерінің берілуінен де қапысыз аңдалады. №1 сандағы «Абайдың әдеби реформасы» мақаласында Абай қазақ поэзиясының ғана емес, жалпы түркі поэзиясының биік тұлғасы ретінде пайымдалады (Қобызшы Қорқыт, 1943, pp. 11-18). Мәжит Айтбаев бұл мақаласында Абайды өлең құрылысына жаңа түрлер қосқан поэтикалық реформатор ретінде бағалайды. «Ол өз жұрты поэзиясына, оның түрлеріне бірнеше жаңа түрлер қосты. Бұл түрлердің біразы Абай дәуірінде, Алтай түркі поэзиясы түгіл, мәдениетті Еуропа халықтарының поэзиясында да жоқ түрлер

еді», – деп Абайды әлемдік деңгейдегі әдеби қайраткер биігіне көтереді. Басылымның көптеген беташар мақалаларында Абай өлеңінің эпиграфқа алынуы да журналдың әдебиетке қойған талабын Абай өлшемі арқылы негіздегенін аңғаруға болады.

Журналда Түркістанның көрнекті әдеби тұлғалары қатарында Фитрат, Шолпан, Науаи, Тоқтағұл, Мақтұмқұлдарымен бірге қазақ қалам қайраткерлерінен Абайдан басқа Шоқан, Махамбет, Ахмет, Міржақып, Мағжан, Жүсіпбек, Сәкен, Бейімбет, Ілияс т.б. есімдері аталады (басылым бетінде дәріптелген сондай тұлғалардың бір шоғыры 2-суретте ұсынылды). Мақалада бұл тұлғалардың еңбегі Түркістанның ұлттық бірлігіне қызмет еткен рухани мұра биігінде дәріптеледі: «Біздер бұндай кісілерімізді ұмыта салмаймыз, олардың ісі жаңа Түркістанның жүрегінде мәңгі сақталады. Олардың ойларын бүгінгі Түркістанның батыр ұлдары іс жүзіне асырады», – деп жазады олар турасында («Алтайден Еділге, Сібірден Хорасанға», 1943, р. 5). Осылайша журнал өткен дәуірдің әдеби мұрасын қазіргі күреске мағына беретін тарихи дәлелге айналдырады.

2-сурет. Журналда суреттері басылып, шығармалары жарияланған Түркістан тұлғаларының бір парасы



Журнал бетінде поэзия жанрының елеулі орын алғаны байқалады. Мұны түркі халықтарының өлең-жырға жаны жақын болмысымен ғана емес, соғыс жағдайы мен отаннан жырақта жүрген оқырманның рухани күйімен де байланыстыруға болады. Елден айырылу, босқын өмір және туған жерге сағыныш сарындары журналдағы поэзияның негізгі тақырыптық өзегіне айналды.

Журналдағы өлеңдердің публицистикалық сипаты олардың көркемдік табиғатымен етене ұштасқан. Мұндағы деректілік өлеңдегі оқиғаның нақты тарихи фактімен сөзсіз сәйкес шығуында емес, сол өлеңдердің өз дәуіріндегі ауыр ахуалмен тікелей үндесуінде жатыр. Яғни соғыс, легионерлік орта, туған жерден көз жазу, бостандық аңсары – журнал поэзиясының ішкі өзегін құраған мәселелер. Сондықтан өлеңдегі лирикалық кейіпкердің көңіл күйін автордың жеке өмір кешуіне тікелей теңестіруден гөрі, оның нендей тарихи жағдайда қандай ортаға үн қатып отырғанына назар салу маңызды.

Осы тұрғыдан алғанда, «ел», «жер», «Түркістан», «еркіндік», «азаттық» сияқты ұғымдар жеке адамның сағынышын білдіретін поэтикалық бейне күйінде ғана қалмайды. Олар отанынан шалғай жүрген жауынгердің ортақ мұратын, саяси үмітін және азаматтық ұстанымын білдіретін мағыналық тірекке айналады. Яғни өлеңдегі сағыныш жеке

ISSN: 2616-7174. eISSN: 2663-2500

сезімнен басталғанымен, журнал кеңістігінде ол ұлттық еркіндік идеясына ұласып, қоғамдық мән алады.

Мұндай өлеңдердің кімге бағытталғаны және қандай қызмет атқарғаны журналдың өз редакциялық ұстанымынан да көрінеді. Алғашқы бағдарламалық мақалада басылымның міндеттерінің бірі жастарға «милли тәрбие» беру деп көрсетілсе, кейінгі «Алтайдан Еділге, Сібірден Хорасанға!» мақаласында Түркістандағы жұрттың журналдағы «патриоттық, ерлік, еркін жырларды» естіп, рухтанып, әрекетке әзір болуы көзделетіні ашық айтылады (Қаюм-Хан, 1943, p. 9; «Алтайден Еділге, Сібірден Хорасанға», 1943, pp. 5-8). Міне, осы ұңғымен үңілгенде, журналдағы поэзия тек көркем сезімнің көрінісі емес, оқырманды ортақ мұратқа үндейтін, тарихи жадты тірілтетін және ұлттық еркіндік идеясына ұйытатын көркем туындылар бола отырып, публицистикалық қызмет те атқарды.

«Алатау» өлеңінде туған жер бейнесі алыста қалған жұртпен қоса еркіндік аңсарының көркем нышаны ретінде суреттеледі:

«Япырай, Алатауға салсам ойнақ,
Ән шырқап, азаттықта жүрсем ойнап.
Қайтпаған қиялдан қыран болып,

Алатау өзендерін жүрсем бойлап» (Лег. Әскері: С., 1943, p. 51), – деген жолдар туған жерге оралуды жай сағыныш күйігінде емес, еркіндікпен қайта қауышу ынтызарымен етене сабақтастырады. Мұнда «Азаттық», «қыран», «Алатау» тәрізді бейнелер туған жерді суреттеуге ғана қолданылған жай ұғымдар емес. Өлеңдегі Алатау – алыста қалған ата жұрттың, қыран – еркіндіктің, ал азаттық жоғалған елдіктің символына айналып тұр. Сондықтан туған жерге деген сағыныш мұнда жеке адамның көңіл күйінен кеңірек мәнге ие болып, елдің еркіндігі туралы оймен астасады.

Мұндай сарын Зарлықтың «Бурабай» (Зарлық, 1943) өлеңінен де анық көрінеді. Ақынның «Туған жер, шалқып өскен еркің қайда? / Құлпырған масатыдай көркің қайда?» деген сауалы табиғат көркін жырлаудан гөрі туған елдің бұрынғы еркін қалпын аңсауға жақын. «Еркің қайда?» деген жол осы өлеңнің мағыналық салмағын да мейлінше айқындайды. Ал Сайранның «Жас жапырақ» (Сайран, 1943) өлеңіндегі «Аттап басып, алып орын туған елдің шетінен / Құлармын ба, сүйер ме жел ұланының бетінен» деген тармақтардан пұшаймен хал мен ынтық сезімнің табы білінеді. Жат жерде жүрген жауынгер туған топырақ қайта жетуді армандайды. Мысалға алынған екі өлеңнің поэтикалық өрнегі екі бөлек болғанымен, түйісетін ортақ тұсы – туған топырақ. Аталмыш ой жүлгесінде ата жұрт – алыста қалған мекен ғана емес, қайта оралу қажет рухани тұғыр, ұлттық кеңістік. «Милли адабияттың» мұндай өлеңдерінде сағыныш ұшталып барып, бірте-бірте елдік мұрат пен азаттық аңсарына ұласады.

Бұл өлеңдердегі публицистикалық сарын, ең алдымен, жеке сезімнің қоғамдық ойға ұласуынан көрінеді. Лирикалық кейіпкер туған жерді сағынған адамның ішкі күйін жеткізеді. Бірақ бұл сағыныш жай ғана жеке мұң болып қалмайды. Соғыс, жат жердегі өмір, елден айырылу, еркіндікке ұмтылу және атамекенге қайта оралу арманымен астасып, кеңірек мағына алады.

Осы тұрғыдан «Алатаудағы» азаттық аңсары, «Бурабайдағы» «Еркің қайда?» деген сауал, «Жас жапырақтағы» туған жұртқа қайта табан тіреу тілегі лирикалық толғаныстан қоғамдық-азаматтық ойға қарай ойысады. Мұндағы үндеу бір ғана автордың жеке басына арналмаған. Ол соғыс жағдайында жүрген түркістандық оқырманға ел мен жерді ұмытпау, ұлттық тұтастықты сезіну, азаттық мұратын санада сақтау идеясын жеткізеді.

Сондықтан бұл туындылар жанрлық табиғаты жағынан өлең болғанымен, атқарған қызметі жағынан публицистикаға жақындайды. Олар тарихи ахуалды бағалайды, ұлттық сананы нықтайды, оқырманды ортақ мұрат төңірегіне топтастыруға ұмтылады. Яғни журналдағы поэзия көркем сезімді ғана емес, сол дәуірдің қоғамдық мұратын да жеткізіп тұр.

Бұл ерекшелік журналдың кеңестік майдандық баспасөзден айырмасын да айқынырақ көрсетеді. Қазақ тіліндегі кеңестік майдандық газеттердің алдына қойылған міндет басқа еді. И. Панфилов атындағы 8-гвардиялық дивизияның «Отан үшін» газетінен бастап, мұндай басылымдар жауынгерді саяси тұрғыдан тәрбиелеуге, соғыс ісіне үйретуге және майдандағы ерлік үлгілерін насихаттауға бағытталды (Бекхожин, 1981, pp. 214-215). Яғни олардың мазмұнында жауынгердің жеке сезімі де, ұлтаралық қарым-қатынас та кеңестік Отанды қорғау идеясына бағындырылды.

Н. Айтмағамбетовтің «Достық» мақаласы осы ұстанымды дөп көрсетеді. Автор пулемет расчетінің құрамында соғысқан қазақ, белорус, өзбек және мари жауынгерлерінің өзара жақындығын олардың ортақ әскери міндетімен байланыстырады: «Біздерді жақын ететін, достығымызды күшейте түсетін зор күш – Отанды сүю, жауды жек көру сезімі», – деп жазады ол (Айтмағамбетов, 1942). Бұл үзіндіде жауынгерлік рух кеңестік көпұлтты бірлік және ортақ Отанды қорғау ұранынан тамыр тартады.

Ал «Милли адабияттағы» жұмылдыру сипаты басқа арнада өрбиді. Мұнда оқырман кеңестік Отан ұғымына емес, отарлық езгіден босайтын Түркістан идеясына, туған жерге сағынышқа және елден жырақтағы ұлт перзентінің ішкі сертіне жұмылдырылады. Бұл сарын «Сырға сәлем» өлеңінде де көрінеді. Лирикалық кейіпкердің «Қасыңнан тағдыр айдап кетіп шетке, / Мен балаң бүгін саған жыр арнаған» деуі эмиграциялық тағдырды айны қатесіз аңдатса, «Бір саған бостандықты жүрмін тілеп» деген жолдар туған жер сағынышының азаттық мұратымен етене тұтасып кеткенін көрсетеді. Өлеңнің кейінгі тұсында бұл сезім «тар тұрмыстың темір торын» бұзуға бел буған күрес сертіне ұласқан.

Екі мәтінде де соғыс жағдайында рух көтеру міндеті бар. Алайда бірінде бұл міндет кеңестік Отанды қорғау идеясымен ұштасса, екіншісінде Түркістанды азат ету және ұлттық жадты тірілту мұратымен сабақтасады. «Достық» мәтінінде жауынгер бейнесі кеңестік әскери-саяси тәртіп, майдандағы ұлттар бірлігі және фашизмге қарсы ортақ күрес аясында сомдалса, «Сырға сәлемде» түркістандық жауынгердің ішкі әлемі туған жер, ана, азаттық және тарихи әділет ұғымдарымен өріледі.

Журналдың кеңестік әдеби саясаттан өзгеше ұлттық-мәдени канон қалыптастыруға ұмтылысы да осы тұста айқындалады. Бағдарламалық мақалада және өзге де материалдарда кеңестік кезеңде шеттетілген немесе қуғындалған қаламгерлердің есімі Түркістанның ұлттық жадын сақтаған тұлғалар қатарында аталады. Ахмет Байтұрсынұлы, Мағжан, Фитрат, Шолпан сияқты қаламгерлердің бір арнада берілуі журналдың әдебиетті саяси-рухани әрекет есебінде түсінгенін ашықтайды.

Журнал бұл тұлғалардың есім-сойын, шығармашылық мұрасын жаңғырту арқылы кеңестік ресми каноннан тыс қалған ұлттық жад кеңістігін қалпына келтіруге әрекет етті. Осы тұста «Милли адабияттың» «Яш Түркістанмен» идеялық сабақтастығы байқалады. «Яш Түркістан» Түркістан тәуелсіздігі идеясын саяси-публицистикалық тілде жүйелесе, «Милли адабият» сол идеяны соғыс жағдайында әдеби-мәдени формада жалғастырды. Бұл сабақтастық «Милли адабият», «Түркістан милли жазушылар бірлігінің программа уә устав жоба-лайһасы» және «Алтайдан Еділге, Сібірден Хорасанға» сияқты

материалдармен дәлелденеді. Осы тұрғыдан «Милли адабиятты» «Яш Түркістанның» тікелей көшірмесі емес, оның саяси-публицистикалық идеясын жаңа тарихи ортада әдеби-мәдени тілмен жалғастырған басылым деп бағалауға толық негіз бар.

Басылымның тілдік-стильдік табиғаты да оның тұтас Түркістан аудиториясына бағытталғанын көрсетеді. Журнал тілінде түркі тілінің қазақ, өзбек, қырғыз, түркімен элементтері және эмиграциялық ортаға тән ортақ түркілік қолданыстар аралас кездеседі. «Әдәбият», «мәжмуа», «мұхарир», «міллій», «азатлық», «күрәш» сияқты сөздер басылымдағы ортақ саяси-мәдени лексиканың өзегін құрайды. Стильдік тұрғыдан журналда публицистикалық-үндеу, әдеби-лирикалық және талдамалы-сыншылдық қабаттар қатар көрінеді. Бұл ерекшелік «Милли адабияттың» бір мезгілде әдеби журнал, публицистикалық мінбер және мәдени-идеологиялық бағдар ұсынған басылым болғанын уәждейді.

Сонымен бірге «Милли адабияттың» тарихи табиғаты қайшылықты. Ол ұлттық әдеби мұраны сақтауға, қуғындалған қаламгерлерді әдеби айналымға қайта қосуға және Түркістан әдеби кеңістігін қалыптастыруға ұмтылды. Алайда басылым нацистік Германия үстемдік құрған саяси-институционалдық ортада жарық көрді. Сондықтан журналды ғылыми тұрғыдан бағалауда оның әдеби-мәдени құндылығы мен тарихи-саяси қайшылығы қатар қарастырылуы тиіс.

Жоғарыдағы талдау «Милли адабияттың» тарихи тұрғыдан проблемалы саяси жағдайда туғанымен, Түркістан эмиграциясының әдеби жадын сақтаған маңызды дереккөз сипатын айқындайды. Журнал материалдары соғыс жылдарындағы Түркістан эмиграциясының өзін-өзі қалай танығанын көрсетті. Атап айтқанда, ол өткенін ортақ әдеби мұра арқылы елестетті, тұлғалар шоғыры арқылы тарихи жалғастық түзді, кеңестік әдеби саясаттан өзгеше ұлттық-мәдени бағдар ұсынды және жіктелген ұлттық әдебиетті тұтас Түркістан кеңістігінің ажырамас бөлігі ретінде орнықтырды. Осы себепті «Милли адабият» эмиграциялық ортадағы тарихи жадтың, саяси үміттің және өзін-өзі сақтаудың күрделі дереккөзі санатында бағалануы қажет.

Қорытынды

Зерттеу нәтижелері II дүниежүзілік соғыс жылдарындағы қазақ баспасөзін тек кеңестік майдандық газеттер аясында қарастыру жеткіліксіз екенін көрсетті. 1943-1945 жылдары жарық көрген «Милли адабият» журналының қолда бар сандары осы кезеңдегі Түркістан баспасөзі тарихының Кеңес аумағынан тыс қалыптасқан күрделі арнасын айқындады. Басылымның ұзақ уақыт ғылыми айналымнан шет қалуына оның соғыс тұтқындары, «Түркістан легионы» және эмиграциялық саяси ортаға қатысты даулы тарихи жағдайы әсер етті.

«Милли адабияттың» ғылыми маңызы оның соғыс жағдайындағы ұлттық-публицистикалық ойды, эмиграциялық баспасөз тәжірибесін және тұтқындар ортасындағы рухани ізденісті танытуымен айқындалады. Кеңестік майдандық газеттердің негізгі міндеті жауынгерлерді кеңестік отаншылдық рухта жұмылдыру болса, «Милли адабият» мүлде басқа саяси және мәдени ортада жарық көрді. Отанынан жырақта жүрген түркістандық сарбаздарға арналған журнал ел мен жер туралы түсінікті, тарихи жадты, ұлттық танымды сақтауға басымдық берді. Оның беттеріндегі Түркістан, түркі бірлігі, тарихи тұлғалар мен әдеби мұраға қатысты материалдар осы бағытты айқын аңғартады. Сондықтан «Милли адабиятты» кеңестік майдан баспасөзінің

қатарында қарастырудан гөрі, соғыс жылдарында шетелде қалыптасқан қазақтілді эмиграциялық-публицистикалық баспасөздің бір көрінісі деп бағалау орынды.

Журналдың публицистикалық мазмұны әртүрлі жанр түрінде көрінді. Қолда бар сандарды сараптағанда, басылымда бағдарламалық және талдамалы мақалалар, әдеби-сын зерттеу мақалалары, портреттік және проблемалық очерктер, эссе сипатындағы мәтіндер кездесетіні байқалды. Бағдарламалық мақалалар журналдың ұстанымы мен идеялық бағытын айқындаса, әдеби-сын және талдамалы көсемсөздер ұлттық әдеби мұраны тарихи, қоғамдық маңызы тұрғысында түсіндіруге қызмет етті. Портреттік очерктерде Абылай, Сұлтан Шәңгерей, Мағжан, Мұстафа Шоқай секілді тұлғалардың өмір жолы мен ел жадындағы орны дерек пен дәйек, авторлық пайым арқылы ашылды. Ал проблемалық очерктер жеке адамның тағдырын алға тарта отырып, кеңестік қоғамдағы саяси және әлеуметтік қайшылықтарды көрсетуді көздеді. Осындай әртүрлі публицистикалық жанрлар «Милли адабияттың» әдеби журнал болумен қатар, көсемсөзге тән талдау, бағалау, түсіндіру және қоғамдық ойға қозғау салу міндеттерін де қатар атқарғанын нақтылайды.

Журналдың мазмұндық сипатын айқындайтын белгінің бірі – Түркістан халықтарының әдеби мұрасын өзара сабақтас, біртұтас рухани кеңістік мәнінде танытуы. Басылым бетінде Абай, Ахмет, Мағжанмен қатар Науаи, Фитрат, Шолпан мұрасының қатар берілуі осы пайымға иландырады. Мұндай таңдау редакцияның сол уақыттағы Түркістаннан «отау» болып бөлінген жекелеген республикалардың әдеби шеңберінен шығып, Түркістан халықтарына ортақ тарихи-мәдени мұраны алға шығаруға ұмтылғанын паш етеді. Соның нәтижесінде журнал кеңестік республикалық әдеби каноннан өзгеше рухани бағдарды ортаға алып шықты. Онда Түркістан тұтастығы, түркі бірлігі және бостан Түркістан идеясы өзара сабақтасқан бір бүтін ұғым күйінде көрінді. Бұл арқылы «Милли адабият» эмиграция кеңістігінде өзіне дейін жарық көрген «Яш Түркістан» журналының ұстанымын жалғастырды.

Журналдағы поэзия да осы идеялық кеңістіктің маңызды бөлігі болды. Бұл өлеңдер көркем әдебиет үлгісі болғанымен, соғыс пен отаннан жырақ жүрген ортада публицистиканың да жүгін қоса көтерді. Ондағы лирикалық толғаныс азаматтық үнмен біте қабысып, оқырманның тарихи жадын оятуға, ұлттық тұтастық сезімін бекітуге және оны ортақ мұратқа жұмылдыруға қызмет етті.

Алайда «Милли адабияттың» осы мазмұнын оның жарық көрген саяси ортасынан бөле қарастыра алмаймыз. Журнал Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде Берлинде, Түркістан Милли Комитетінің бағдарламасы аясында және нацистік Германияның саяси-насихат жүйесі үстемдік еткен жағдайда жарық көрді. Сондықтан басылымның ұлттық әдебиет пен тарихи жадты жаңғыртуға бағытталған мазмұнын зерделеумен қатар, оның пайда болуына әсер еткен саяси ортаны да назардан тыс қалдыруға болмайды. Осы екі қыр қатар қарастырылғанда ғана «Милли адабияттың» соғыс жылдарындағы күрделі әрі қайшылықты табиғаты толық ашылады.

Дегенмен журналды тек осы саяси контекспен шектеу де дұрыс емес. Мұндай сыңаржақ таным оның әдеби-мәдени мазмұнын, эмиграциядағы ұлттық мұраны қайта айналымға қосу әрекетін және Түркістан идеясының әдеби формада жалғасуын өз биігінде бағалауға көлеңке түсіреді. Сондықтан «Милли адабият» әрі проблемалы тарихи жағдайда туған басылым, әрі эмиграциялық ортадағы ұлттық жадты сақтаған маңызды мәдени мінбер ретінде бағалануға тиіс.

Алдағы зерттеулерде «Милли адабияттың» барлық қолжетімді сандарын толық мәтіндік айналымға енгізу, авторлық құрамын нақтылау, бүркеншік есімдерді анықтау, журналдағы қазақ, өзбек, қырғыз және өзге түркістандық әдеби мәтіндердің арақатынасын салыстырмалы тұрғыдан талдау қажет. Сондай-ақ басылымды «Яш Түркістан», «Иени Түркістан», «Милли Түркістан», «Янги Түркістан» және соғыс жылдарындағы өзге эмиграциялық баспасөз нұсқаларымен сабақтастыра, салғастыра қарастыру шетелдегі Түркістан баспасөз тарихының әлі толық анықталмаған ақтаңдақтарын тереңірек тануға жол ашады.

Авторлар үлесі:

Сәйдірахман Ұ. – хат-хабар авторы. Ғылыми мақаланың зерттеу тұжырымдамасын әзірлеуге, дереккөздерді жинау мен талдауға және мақаланың негізгі мәтінін жазуға жауапты болды.

Аубакирова К. – екінші автор. Зерттеу әдіснамасын нақтылауға, мәтінді ғылыми редакциялауға және сызбаларды ғылыми тұрғыдан тақырыпқа сай жүйелеуге үлес қосты.

Алғыс білдіру

ЗерттеуҚазақстанРеспубликасыҒылымжәнежоғарыбілімминистрлігініңAP25796077 «Қазақ эмиграциялық баспасөзінің интеллектуалды дискурсты қалыптастырудағы рөлі» гранттық қаржыландыру ғылыми жобасы аясында жүргізілді.

Мүдделер қақтығысы

Авторлар мүдделер қақтығысының жоқ екенін мәлімдейді. Мақаланы дайындау, деректерді талдау және қорытындыларды тұжырымдау барысында авторлардың ғылыми пайымына әсер ететін өзге мүдделер болған жоқ.

Әдебиеттер тізімі

Айтмағамбетов, Н. (1942) «Достық», Отан үшін, 12 сентябрь.

«Алтайден Еділге, Сібірден Хорасанға» (1943) Милли адабият, 2, pp. 3-8.

Anderson, B. (2006) Imagined Communities: Reflections on the Origin and Spread of Nationalism. Revised edn. London and New York: Verso.

Assmann, J. and Czaplicka, J. (1995) 'Collective Memory and Cultural Identity', New German Critique, 65, pp. 125-133. doi: https://doi.org/10.2307/488538.

Бекхожин, Х. (1981) «Қазақ баспасөз тарихының очеркі». Алматы: Мектеп.

Жақып, Б. (2007). Публицистикалық шығармашылық негіздері: оқулық. Алматы: Қазақ университеті. 486 б.

Hagen, J.M. (1997) 'Read All about It: The Press and the Rise of National Consciousness in Early Twentieth-Century Dutch East Indies Society', Anthropological Quarterly, 70(3), pp. 107-126. doi: https://doi.org/10.2307/3317671.

Хальбвакс, М. (2007) «Социальные рамки памяти». Пер. с фр. и вступ. ст. С.Н. Зенкина. Москва: Новое издательство.

Исқақова, Н.С. (2015) «Ұлы Отан соғысы жылдары майдандағы қазақстандық жауынгерлердің моральдық рухын көтерудегі ана тілінің рөлі», in 70 лет Великой Победы: преемственность боевого опыта и методология современного применения: сборник

материалов международной научно-практической конференции. Ч. 2. Петропавловск: Военный институт Национальной гвардии Республики Казахстан, pp. 97-102.

Көлбаев, Т. (2012) «Майдандағы қазақ газеттерінің шежіресі», Алаш айнасы, 9 мамыр, № 78.

Козыбаев, С. (2010) «Опаленная войной: казахская фронтовая печать». Алматы.

Кузнецов, И.В. (2012) «История отечественной журналистики» (1917-2000). 4-е изд., стер. Москва: Флинта.

Лег. Әскері: С. (1943) «Алатау», Милли адабият, 1, p. 51.

Нұсқабайұлы, Ж., Аллаберген, Қ. және Оразаев, Ф. (2018) «Қазақ журналистикасының тарихы» (1870-2008 жылдар): оқу құралы. Алматы: Білім.

Панченко, А.М. (2025) «Газета на фронте нужна так же, как продовольствие, оружие и боеприпасы»: военная периодическая печать на страницах журнала «Агитатор и пропагандист Красной армии» (1941-1945 гг.)», Книга. Чтение. Медиасреда, 3(2), pp. 101-114. doi: https://doi.org/10.20913/BRM-3-2-1.

Қаюм-Хан, В. (1943) «Милли адабият», Милли адабият, 1, pp. 1-3.

Қобызшы Қорқыт (1943) «Абайдың әдеби реформасы», Милли адабият, 1, pp. 11-18.

Рожков, А.В. (1998) «Тенденции развития военной печати Республики Казахстан»: дис. ... канд. филол. наук: 10.01.10. Алматы.

Sadykov, N. (2016) 'Milli Turkistan Journal's Ideological Approach', Mediterranean Journal of Social Sciences, 7(1 S1), pp. 86-90. doi: https://doi.org/10.5901/mjss.2016.v7n1s1p86.

Сәйдірахман, Ұ. (2017) «Ұмыт қалған «Ұлттық әдебиет», Тарих порталы, 22 қыркүйек. [Онлайн] Қолжетімді: https://el.kz/umit_kalgan___ulttik_adebiet___25385/ (қаралған күні: 23 May 2026).

Сәйдірахман, Ұ. (2025) «Милли адабият» журналындағы өлім мотиві: тарихи-контекстуалдық және поэтикалық талдау', in O. Yılmaz, N. Şabdanaliyev and M. Aslan (eds.) Dr. Yakup Ömeroğlu anısına X. Genç Türkologlar Sempozyumu: bildiriler kitabı. Bishkek: Kırgızistan-Türkiye Manas Üniversitesi, pp. 607-610.

Сәйдірахманұлы, Ұ. (2016a) «Еуропадағы қазақ басылымы туралы кейбір ойлар», ЖКП Іле облыстық партия мектебінің ғылыми журналы, 1, pp. 59-63.

Сәйдірахманұлы, Ұ. (2016b) «Яш Түркістан», «Милли адабият» журналдарын зерттеудің маңызы мен мәні», Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ хабаршысы, 1(110), pp. 342-346.

Сайран (1943) «Жас жапырақ», Милли адабият, 5, p. 59.

Smagulova, S. (2017) «Türkistan Lejyonu ve Milli Türkistan Dergisi», in Doğumunun 100. Yılında Baymirza Hayit ve Günümüzde Türkistan Tarihi Araştırmaları Uluslararası Sempozyumu Bildirileri, 9-10 Ekim 2017. İstanbul: Türk Dünyası Belediyeler Birliği Yayınları, pp. 169-176.

«Түркістан милли жазушылар бірлігінің программа уә устав жоба-лайһасы» (1943) Милли адабият, 1, pp. 59-63.

Зарлық (1943) «Бурабай», Милли адабият, 4, pp. 50-52.

У. Сайдирахман[1]*, К. А. Аубакирова[2]

[1, 2] НАО «Университет Шакарима», Высшая школа образования, Семей, Казахстан

Журнал «Милли адабият»: литературно-публицистический канал казахской эмиграционной печати в годы второй мировой войны

Аннотация. В статье рассматривается место журнала «Милли адабият», издававшегося в Берлине в годы Второй мировой войны, в истории казахской эмигрантской печати. Цель исследования состоит в том, чтобы проанализировать данное издание как литературно-публицистический канал, сформировавшийся вне советской фронтовой прессы, и определить его тематико-идейную направленность, жанровую структуру и роль в сохранении национальной памяти. Научная значимость исследования определяется тем, что «Милли адабият» рассматривается как своеобразный образец казахской публицистики военного времени, сложившийся в эмигрантско-легионерской среде. Практическая значимость работы связана с возможностью использования материалов журнала в качестве источника при изучении истории казахской печати, эмигрантской литературы и проблем туркестанской периодики. Источниковую базу исследования составили доступные на сегодняшний день № 1-8 журнала. В статье применены источниковедческий, историко-контекстуальный, содержательный, жанрово-структурный и сравнительно-исторический методы анализа. В результате исследования установлено, что, несмотря на литературный характер названия, «Милли адабият» по своему содержанию выполнял прежде всего национально-публицистическую функцию. В журнале идеи родины, народа, земли, исторической памяти, тюркского единства, духовного наследия и свободы раскрывались через художественные тексты, публицистические материалы, песенно-нотные образцы, переводы и литературно-познавательные статьи. Журнал осмысливается, с одной стороны, как издание, возникшее в исторически противоречивых условиях, а с другой – как важный культурный источник, сохранивший национальную память в эмигрантской среде.

Ключевые слова: журнал «Милли адабият», фронтовая печать, казахская публицистика, эмигрантская печать, туркестанские легионеры, Туркестанский Национальный Комитет, национальная память.

U. Saidirakhman *[1], K.A. Aubakirova[2]

[1,2] Shakarim University, Graduate School of Education, Semey, Kazakhstan

The Journal Milli Adabijat (Adabiat): A Literary and Publicistic Platform of the Kazakh Émigré Press during the Second World War

Abstract. This article examines Milli Adabiyat, a journal published in Berlin during the Second World War, and its place in the history of the Kazakh émigré press. The study considers the journal as a literary-publicistic platform that developed outside the Soviet frontline press and explores its thematic focus, ideological direction, genre structure, and role in sustaining national memory. Its scholarly value lies in interpreting Milli Adabiyat as a distinct form of Kazakh publicistic writing shaped by the wartime émigré-legionary milieu. The study is based on the available issues of the journal, Nos. 1–8, and employs source-study, historical-contextual, content, genre-structural, and comparative-historical methods. The findings show that although Milli Adabiyat was formally presented as a literary journal, its content served a broader national-publicistic purpose. Through literary works, essays, notated songs, translations, and educational materials, the journal addressed themes of homeland, nation, land, historical

memory, Turkic unity, spiritual heritage, and liberation. It is therefore viewed both as a product of a contradictory wartime context and as an important cultural source that helped preserve national memory in exile.

Keywords: Milli Adabiat/ Milli Adabijat journal, frontline press, Kazakh publicistic writing, émigré press, Turkestan legionaries, Turkestan National Committee, national memory.

References

Aitmagambetov, N. (1942) 'Dostyq [Friendship]', Otan ushin [For the Motherland], 12 September. [in Kazakh].

'Altaiden Edilge, Sibirden Khorasanga [From Altai to the Volga, from Siberia to Khorasan]' (1943) Milli adabiiat [National Literature], 2, pp. 3-8. [in Turkic/Kazakh].

Anderson, B. (2006) Imagined Communities: Reflections on the Origin and Spread of Nationalism. Revised edn. London and New York: Verso.

Assmann, J. and Czaplicka, J. (1995) 'Collective Memory and Cultural Identity', New German Critique, 65, pp. 125-133. doi: https://doi.org/10.2307/488538.

Bekhozhin, Kh. (1981) Qazaq baspasoz tarikhynyn ocherki [Essay on the History of the Kazakh Press]. Almaty: Mektep. [in Kazakh].

Hagen, J.M. (1997) 'Read All about It: The Press and the Rise of National Consciousness in Early Twentieth-Century Dutch East Indies Society', Anthropological Quarterly, 70(3), pp. 107-126. doi: https://doi.org/10.2307/3317671.

Halbwachs, M. (2007) Sotsialnye ramki pamiati [The Social Frameworks of Memory]. Trans. from French and introd. by S.N. Zenkin. Moscow: Novoe izdatelstvo. [in Russian].

Isqaqova, N.S. (2015) 'Uly Otan sogysy zhyldary maidandagy qazaqstandyq zhauyngerlerdin moraldyq ruhyn koterudegi ana tilinin roli [The Role of the Native Language in Raising the Morale of Kazakhstani Soldiers at the Front during the Great Patriotic War]', in 70 let Velikoi Pobedy: preemstvennost boevogo opyta i metodologiia sovremennogo primeneniia. Vol. 2. Petropavlovsk: Voennyi institut Natsionalnoi gvardii Respubliki Kazakhstan, pp. 97-102. [in Kazakh].

Kolbaev, T. (2012) 'Maidandagy qazaq gazetterinin shezhiresi [Chronicle of Kazakh Newspapers at the Front]', Alash ainasy, 9 May, no. 78. [in Kazakh].

Kozybaev, S. (2010) Opalennaia voinoi: kazakhskaia frontovaia pechat [Scorched by War: Kazakh Front-Line Press]. Almaty. [in Russian].

Kuznetsov, I.V. (2012) Istoriia otechestvennoi zhurnalistiki (1917–2000) [History of National Journalism (1917-2000)]. 4th edn. Moscow: Flinta. [in Russian].

Leg. Askeri: S. (1943) 'Alatau', Milli adabiiat [National Literature], 1, p. 51. [in Turkic/Kazakh].

Nusqabaiuly, Zh., Allabergen, Q. and Orazayev, F. (2018) Qazaq zhurnalistikasynyn tarikhy (1870-2008 zhyldar): oqu quraly [History of Kazakh Journalism (1870-2008): Textbook]. Almaty: Bilim. [in Kazakh].

Panchenko, A.M. (2025) '"Gazeta na fronte nuzhna tak zhe, kak prodovolstvie, oruzhie i boepripasy": voennaia periodicheskaia pechat na stranitsakh zhurnala "Agitator i propagandist Krasnoi armii" (1941-1945 gg.) ["A Newspaper at the Front Is Needed as Much as Food, Weapons and Ammunition": Military Periodicals on the Pages of the Journal "Agitator and Propagandist of the Red Army" (1941-1945)]', Kniga. Chtenie. Mediasreda [Book. Reading. Media Environment], 3(2), pp. 101-114. doi: https://doi.org/10.20913/BRM-3-2-1. [in Russian].

Qaium-Khan, V. (1943) 'Milli adabiiat [National Literature]', Milli adabiiat [National Literature], 1, pp. 1-3. [in Turkic/Kazakh].

Qobyzshy Qorqyt (1943) 'Abaidyn adebi reformasy [Abai's Literary Reform]', Milli adabiiat [National Literature], 1, pp. 11-18. [in Turkic/Kazakh].

Rozhkov, A.V. (1998) Tendentsii razvitiia voennoi pechati Respubliki Kazakhstan [Trends in the Development of the Military Press of the Republic of Kazakhstan]: Candidate dissertation in Philology, 10.01.10. Almaty. [in Russian].

Sadykov, N. (2016) 'Milli Turkistan Journal's Ideological Approach', Mediterranean Journal of Social Sciences, 7(1 S1), pp. 86-90. doi: https://doi.org/10.5901/mjss.2016.v7n1s1p86.

Saidirakhman, U. (2017) 'Umyt qalgan "Ulttyq adebiet" [The Forgotten "National Literature"]', Tarikh portaly [History Portal], 22 September. Available at: https://el.kz/umit_kalgan___ulttik_adebiet___25385/ (Accessed: 23 May 2026). [in Kazakh].

Saidirakhman, U. (2025) '"Milli adabiiat" zhurnalyndagy olim motivi: tarikhi-kontekstualdyq zhane poetikalyq taldau [The Motif of Death in the Journal "Milli Adabiyat": Historical-Contextual and Poetic Analysis]', in O. Yılmaz, N. Şabdanaliyev and M. Aslan (eds.) Dr. Yakup Ömeroğlu anısına X. Genç Türkologlar Sempozyumu: bildiriler kitabı. Bishkek: Kırgızistan-Türkiye Manas Üniversitesi, pp. 607-610. [in Kazakh].

Saidirakhmanuly, U. (2016a) 'Europadagy qazaq basylymy turaly keibir oilar [Some Thoughts on the Kazakh Publication in Europe]', ZHKP Ile oblystyq partiia mektebinin gylymi zhurnaly [Scientific Journal of the Ili Regional Party School of the CPC], 1, pp. 59-63. [in Kazakh].

Saidirakhmanuly, U. (2016b) '"Yash Turkistan", "Milli adabiiat" zhurnaldaryn zertteudin manyzy men mani [The Importance and Significance of Studying the Journals "Yash Turkistan" and "Milli Adabiyat"]', L.N. Gumilev atyndagy EUU khabarshysy [Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University], 1(110), pp. 342-346. [in Kazakh].

Sairan (1943) 'Zhas zhapyraq [Young Leaf]', Milli adabiiat [National Literature], 5, p. 59. [in Turkic/Kazakh].

Smagulova, S. (2017) 'Türkistan Lejyonu ve Milli Türkistan Dergisi [The Turkistan Legion and the Journal Milli Turkistan]', in Doğumunun 100. Yılında Baymirza Hayit ve Günümüzde Türkistan Tarihi Araştırmaları Uluslararası Sempozyumu Bildirileri, 9-10 Ekim 2017. İstanbul: Türk Dünyası Belediyeler Birliği Yayınları, pp. 169-176. [in Turkish].

'Turkistan milli zhazushylar birliginin programma ua ustav zhoba-laihasy [Draft Program and Charter of the Turkistan National Writers' Union]' (1943) Milli adabiiat [National Literature], 1, pp. 59-63. [in Turkic/Kazakh].

Zarlyq (1943) 'Burabai [Burabay]', Milli adabiiat [National Literature], 4, pp. 50-52. [in Turkic/Kazakh].

Zhakyp, B. (2007) Publitsistikalyq shygarmashylyq negizderi: oqulyq [Fundamentals of Journalistic Creativity: Textbook]. Almaty: Qazaq universiteti. [in Kazakh].

Авторлар туралы мәлімет:

Сәйдірахман Ұ. – хат-хабар авторы, әлеуметтік ғылымдар магистрі, «Шәкәрім университеті» КЕАҚ, Білім берудің жоғары мектебі, Қашаған көшесі, 2, 071402, Семей, Қазақстан.

Аубакирова К.А. – философия докторы (PhD), «Шәкәрім университеті» КЕАҚ, Білім берудің жоғары мектебі, Қашаған көшесі, 2, 071402, Семей, Қазақстан.

Сведения об авторах:

Сайдирахман У. – автор для корреспонденции, магистр социальных наук, НАО «Университет Шакарима», Высшая школа образования, ул. Кашагана, 2, 071402, г. Семей, Казахстан.

Аубакирова К.А. – доктор философии (PhD), НАО «Университет Шакарима», Высшая школа образования, ул. Кашагана, 2, 071402, г. Семей, Казахстан.

Information about the authors:

Saidirakhman U. – corresponding author, Master of Social Sciences, «Shakarim University», Graduate School of Education, 2 Kashagan Street, 071402, Semey, Kazakhstan.

Aubakirova K.A. – Doctor of Philosophy (PhD), «Shakarim University», Graduate School of Education, 2 Kashagan Street, 071402, Semey, Kazakhstan.